

БІЛІМНІҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық қасиетімізді жоғалтпай, санамызды, ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртып, оған ие болып, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіре қарап, ел игілігіне жарату қажеттігі айтылды. Осы бағытта жаңғырудың маңызын былай көрсетті: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Білген адамға осындай тұжырымның өзі көп нәрсені аңғартады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары оқу орнына дейінгі факультетте білім алып жатқан алыс және жақын шетелден келген қандас-бауырларымыз (Қытай, Монғолия, Түркия, Ауғанстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Иран, т.б.) міндетті пән ретінде Қазақстан тарихын оқиды. Отан тарихын шетелдік аудиторияда оқытудың арнайы міндеттері бар деп санаймыз. Атап айтқанда, тыңдаушыларымыз іргелі білімін қалыптастыру және дамыту, тәрбиелік мәнде жалпы адамдық рухани құндылықтардың артықшылығын анықтау, оларды ұлттық құндылықтармен үйлестіру.

Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына орай «Ұлы даланың ұлы есімі» атты салтанатты іс-шара өтті. Ұстаздарға арналған, Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған «Білім беруді цифрландыру жағдайындағы Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасының заманауи интерпретациясы» атты 50-ші Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының аясында «Білім беру саласының цифрлық жүйеге көшуі-заман талабы» атты секция бойынша конференция өтті. Конференцияға білікті ұстаздар мақалаларын жазып, секцияға қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің ұйымдастыруымен сәуірдің 7-8 күндері аралығында алыс, жақын шетелден келген қандас тыңдаушылар, ЖОО оқу орындарының студенттері және жас ғалымдардың, колледж студенттері мен бейімдік мектеп оқушыларының арасында онлайн жүйесінде «Фараби әлемі-2020» атты халықаралық ғылыми конференция өтті. (<https://kaznu.kz>) Конференцияның негізгі мақсаты – Қазақстан республикасындағы қазіргі білім мен ғылым дамуының өзекті мәселелерін талқылау, жастар арасындағы патриоттық сезімді, отансүйгіштікті қалыптастыру және Елбасы саясатын жастар арасында дәріптеу болып табылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Бейіндік мектебі ағымдағы оқу жылының 14 ақпанында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және ұлы бабамыздың 1150 жылдық мерейтойына арналған республикалық конференция ұйымдастырды. Конференцияға ғылымға деген қызығушылық танытқан мектеп оқушылары мен арнайы орта білім мекемелерінің білім алушылары қатысты. Конференция туралы толық мәліметті <https://kaznu.kz> сайтынан біле аласыздар. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті Бейімдік мектептің директоры Б.Н.Кульжанова мен ұстаздар ұжымының ұйымдастыруымен мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының VII Республикалық конференциясы өз жұмысын ұйымдастырушылар мен қатысушылардың университеттің басты ғимаратының алдына орналасқан әл-Фарабидің ескерткішіне гүл қойып, тағзым етуден бастады. Конференцияға еліміздің түкпір-түкпірінен келген мектеп оқушыларымен қатар Жоғары оқу орындарының студенттері де белсене қатысты. Конференция талантты мектеп оқушыларымен қатар, студенттерді де ғылым әлеміне жетелеп, оларды ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылдануға баулу мақсатында ұйымдастырылды. Республикалық конференцияның пленарлық отырысын – салтанатты жиынын құттықтау сөзбен ашқан бейіндік мектептің директоры Ботагөз Ниязовна бұл дәстүрлі VII Республикалық конференция өте ауқымды көлемде, жоғары деңгейде өтті. Оған Қазақстанның көптеген өңірлерінен 400-ге жуық оқушылар мен студенттер қатысып, олардың ғылыми жетекшілері әр шәкіртінің жұмысы сәтті өтуіне тілектес болып белсенділік танытып бірге келді. Әуелі конференция жұмысын қалалық деңгейде бастағанын айтып, ізгілікті шараның жылдан-жылға аясы кеңейіп, арқалаған жүргіні маңызды болып келе жатқанын атап өтті.

ЖОО-ға дейінгі факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.Е.Жаппасов та жастардың осы әлемнің құпиясын тереңірек білсем, ғылым кеңістігінде пайдалы жаңалық ашып, туған елінің дамуына өзіндік үлесін қоссам деп келіп отырған жастардың қадамына сәттілік тілейтінін айта келіп, жас дарындарды ғылым әлеміне жетелеп, бағыт-бағдар беруші ұстаздарына алғысын білдірді.

Қазіргі кездегі Тәжвирис индетіне қарамастан, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор-оқытушы құрамасы студенттерге, тыңдаушыларға қашықтықтан Zoom бағдарламасымен және ватсап арқылы, Майкрософт, Youtube интернет арқылы білім беруді меңгеріп алды. Тыңдаушылар да ақпарат заманының талабына сай ұстаздарының жетелеуіне жүріп, жақсы білім алуда.

Қазақ халқы өз тарихында қиын-қыстау күні жігін үзбей, береке-бірлікте болған, сондықтан қазіргі жағдайдың ұраны «Біз біргеміз!» деп аталуы тегін емес. Осы тілекпен жатақханада тұратын алыс және жақын шетелден келген тыңдаушы-қандастарымызға азық-түлік жеткізіліп берілді, ораза ұстаған Ауғанстан, Түркиядан т.б елден келген студенттерге, тыңдаушыларға ауыз ашарға деп тамақ апарып бердік, өйткені арнайы ифтар ұйымдастыруға көп адам жиналуға тиым салынғаны белгілі.

Білім мен ғылымның Қара шаңырағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті төтенше жағдайға қарамастан студенттерімен, тыңдаушылармен куратор-эдвайзерлер, тәрбиеге жауапты аға куратор және факультеттің, кафедраның жауаптылары қашықтықта күнделікті байланыс жасап, оқу бағдарламасы бойынша білім алуларын тоқтатқан жоқ және патриоттық, адамгершілік тәрбие беруде.

Бегалиева А.К.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы. Қазақстан, Алматы қаласы.

Әмірханов М.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы. Қазақстан, Алматы қаласы.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде Қазақстан тарихы кафедрасы бүкіл факультеттерге «Қазіргі Қазақстан тарихы» пәнінен дәріс беріп, мемлекеттік емтихан алуды жүзеге асырады. Өз отанының тарихын білу азаматтық міндет екені белгілі.

Университет ректоры Г.Т. Алдамбергенова заманауи талаптарға сай университет жұмыстарын нығайтып жатқаны әлемдегі коронавирус индетіне байланысты Қазақстанда да карантин жарияланғанда жақсы байқалды. Ұйымдасқан түрде ұжымды және студенттерді осы жағдайға бейімдеп, zoom бағдарламасы алаңында онлайн жиналыстар жүргізіп, жұмысты бір арнаға қойды. Бұл университет әлемдегі

Мүшелері: Халықаралық қазақ-түрік университеті, Гуманитарлық ғылымдар факультеті Тарих кафедрасының доценті, т.ғ.к. Абдраманов Ербол Сағынбекұлы; Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., профессор м.а. Исаева Алия Исаевна; Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының PhD Саркулова Света.

Ал олимпиаданы кафедраның доценті, т.ғ.к. Е. Берлібаев пен аға оқытушы Қалдыбаева Сафура ұтымды жүргізді. Студенттер командаларының отан тарихына деген ынтасы, өз ауылдарында отырып осы олимпиадаға қатысуға

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ БІЛІКТІЛІГІ

тек арулар білім алатын өзіндік бірегей дәстүрі бар парасат мектебі екенін дәлелдеуде.

Қашықтықтан оқытудың нұсқаулықтары педагогтар мен студенттердің «Универ» жүйесіне қойылды. DL жүйесіне студенттер берілген тапсырмаларға жауаптарын уақытында енгізіп, дәрістер мен семинар сабақтарына уақытында қатысуда. Педагогтар қашықтықтан дәріс қана өтпей, студенттердің білімін шыңдауда, алған білімдерін тереңдетіп, дәлелдеу бағытында 22 сәуір күні Ж.Б. Аширбекова басқарып отырған Әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының басшылығымен Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының 3 жылдығына орай және «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында Алматы қалалық жоғары оқу орындары студенттері арасында zoom платформасы арқылы онлайн түрде «Ұлы даланың Ұлы қыздары» атты зияткерлік олимпиада өткізді. Олимпиадаға Қазақ ұлттық аграрлық университетінен «Аграрка арулары», Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ-ден «Томирис», Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясынан «Өнер қырандары», Алматы университетінен «Ұлы дала қырандары», сондай-ақ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінен «Томирис» командалары қатысты. Интеллектуалды олимпиада қатысушылары: Таныстыру, «Ой толғау», «Тарихи хронология», «Ұлы даланың қаһарман қыздары», «Тарихи терминология» атты 5 айналым бойынша білім жағынан жарысты. Онлайнда сайысқа Қазақстанның басқа аймақтарынан да көруге мүмкіндік болды. Қазылар алқасына да басқа облыс университеттерінен енгізілді. Сайысқа қазылық жасағандар: Төраға: Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Қазақстан тарихы ҚХА кафедрасының меңгерушісі PhD доктор Жуманова Айман Зейнелгабденовна.

қызығушылық танытқандары, оларға жетекшілік еткен оқытушыларының қызметі мақтауға тұрады.

Университеттегі «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің үйлестірушісі Гаухар Байташева осы олимпиада туралы «Тарих – ұлттың жады. Олимпиаданың да ұлт тарихын ұрпақтар санасында қайта жаңғыртуда арқалаған жүгі салмақты болды. Әр ЖОО-ның әртүрлі мамандығынан жиналып, бір арнада бас қосқан жас білімпаздар қойылған әр сауалға жауап беріп, берілген тапсырмаларды орындау барысында ойларын жан-жақты тұжырымдай отырып, тарихтан алған таным деңгейлерін көрсетті. Қазылар алқасы әрбір топтың жауаптарына қатысты өз ұсыныстары мен пікірлерін білдіріп, тиісті бағаларын берді», - деп тұжырымдады.

Қазіргі ел ішіндегі бір апат Түркістан облысының Мақтаарал ауданындағы су тасқыны салдарынан өңірдегі бірнеше елді мекеннің тұрғындары көшірілгені белгілі. Соңғы мәліметтер бойынша 640-қа жуық үй су астында қалған. Осы орайда Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті тасқын судан зардап шеккендерге осы аймақта тұратын оқу орнының студенттеріне көмек қолын созу мақсатында жедел телефон желілерін іске қосты. Телефондар университет сайтында бар.

Қазыналы қарашаңырақ бакалавриат, магистратура және PhD докторантура білім бағдарламалары бойынша талапкерлерді оқуға шақырады. Бүгінде университетте 400-ге жуық жоғары санатты профессор-оқытушы қызмет атқарады.

Университеттің оқу ғимараттары мен жатақханалар, кітапханалар мен спорт кешендері студенттердің білім алуына ыңғайлы, заман талабына сай.

Шамшиденова Ф.М.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты. Алматы қ.

